**ЖОБА**

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №465 «2021-2023 жылдарға арналған Алға қаласының бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №465 «2021-2023 жылдарға арналған Алға қаласының бюджетін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7905 тіркелген, 2021 жылғы 05 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) тармақшасында:

кірістер – «422 017» сандары «363 247» сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімі - «372 067» сандары «313 297» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – «422 017» сандары «387 527,2» сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) – «0» санын «-24 280,2» сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – «0» санын «24 280,2»:

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – «0» санын «24 280,2» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы** **Аты-жөні**